

Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі "Павлодар облысының еңбек басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 121/3 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 24/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 ақпанда № 5846 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі "Павлодар облысының еңбек басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 121/3 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5076 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 сәуірде "Регион.kz" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Павлодар облысының еңбек басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М. Бегентаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Бақауов